

Буранкулова Эльмира Темирбаевнаың
6D020500–Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Түркі тілдеріндегі гендерлік
таптаурындар» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
отандық кеңесшінің

ІШКІРІ

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап әлемдік лингвистикада кең қанат жайып дамып келе жатқан жана бағыт гендерлік лингвистика - өзіндік даму дәстүрі бар, ғылыми негізі айқындалған, басты ұстанымдары мен ұғымдық бірліктері белгіленген ілім.

Гендерлік лингвистика ғылымының тарихи қалыптасуы мен теориялық дамуы пәнаралық шекараларды жаңаша белгілеумен қатар, ғылыми тұтасудың өзгеше үрдісін қамтамасыз етіп отыр. Өзге ғылымдармен тығыз байланыс құраған бұл ғылым саласы философиялық, әлеуметтік, психологиялық ұғымдарды тілдік ізденістерге арқау ете дамыды. Гендерлік лингвистиканың ғылым ретіндегі қалыптасуы әлеуметтік мәні зор ірі проблемаларды қамтитынын ерекше атай отырып, әр этносқа гендерлік жорадан қалыптасқан таптаурындарға, дәстүрге байланысты қалыптасып, тілде берік орын алған лингвистикалық материалдар тиянақты талданады.

Диссертант Э.Т. Буранкулованың зерттеу жұмысы тіл ғылымының әлеуметтік лингвистика бағытынан өрбіп, дамып келе жатқан гендерлік лингвистика саласының өзекті мәселелерінің бірі гендерлік таптаурындарды зерттеуге бағытталған. Ғылыми жұмыста таптаурын, тілдік таптаурын, гендерлік таптаурын ұғымдарының ара-жігі нақтыланып, зерттеу аймағы мен тіл ғылымының түрлі салаларындағы қолданыс аясы зерделенген.

Зерттеуші гендерлік лингвистика ғылымының соңғы жылдардағы даму жолдары мен зерттеу бағыттарына шолу жасай келіп, алғаш рет түркі тіл ғылымындағы гендерлік лингвистика бағытындағы ғылыми еңбектерге талдау жасап, ғалымдардың ұстанымдарын бір жүйеге келтіріп, жинақтап, түркі тіл біліміндегі гендерлік лингвистикалық бағыттың қалыптасу, даму жолдарын саралаған, келешегін бағамдаған.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негізі ретінде гендерлік таптаурындарды зерттеудің ғылыми-теориялық деректері, әлеуметтік-мәдени тұрғыдан зерттелген мәліметтер, гендерлік таптаурындарды әдет-ғұрып, мінез-құлық, салт-дәстүрлер негізінде талдаған ғылыми еңбектер пайдаланылған.

Гендердің аксиологиялық шкаласы мен таптаурындануы барлық мәдениетте бірдей емес. Сондай-ақ әр мәдениетте еркек пен әйелдің әлеуметтік ролі де әртүрлі болып келеді. Олар қоғамдағы түрлі нормаларға сәйкес реттеліп отырады. Гендерлік таптаурындар тілдің барлық деңгейін қамтиды. Диссертациялық жұмыста қарастырылып отырған гендерлік таптаурындар алғаш рет түркі тілдерін салыстыра зерттеп (қазақ,

өзбек, қырғыз, татар, башқұрт, түрік) ұсынылып отыр. Зерттеуде түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындар тіл қазынасы фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерге салыстырмалы талдау нәтижесінде қарастырылған. Маскулиндік және феминдік гендерлік категориялардың түркі тілдерінің таптаурындар жүйесіндегі ұқсастықтары мен айырмашылықтары талданып, заманауи түркі лингвомәдени кеңістігіндегі гендерлік таптаурындарды анықтауға бағытталған тәжірибелік талдау жүргізілген. Түркі тілдеріндегі ұсынылған гендерлік таптаурындарды зерттеу әлемнің тілдік бейнесін сипаттауда, заманауи идеяларды анықтауға, таптаурындарды ажыратуға мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеу идеясы мен қорытындыларын негіздеу мақсатында ізденуші қазақ, өзбек, қырғыз, татар, башқұрт, түрік тілдерінен жалпы саны 2000-дай гендерлік фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді жинақтап, жүйелеп, гендерлік лингвистикалық талдау жасаған.

Тілдегі гендерлік таптаурындарының ғылыми негіздерін айқындау, оның ұстанымдары мен ұғымдарын талдап көрсету жалпы тіл білімінің, әлеуметтік лингвистиканың, гендерлік лингвистикасының теориялық мәселелерін зерделеуге және түркі тіл білімі, қазақ тіл білімі, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану т.б. ғылыми пәндер аясындағы өзекті мәселелерді теориялық тұрғыдан тұжырымдап, түркі тілдері деректері негізінде дәйектеуге көмектеседі, қазіргі ғылымдар тоғысын құрайтын көкейтесті мәселелерді шешуге, тіл ғылымының жаңа бағыттарын әрі қарай дамытуға септігін тигізеді.

Зерттеу жұмысы диссертацияға қойылатын құрылымдық-композициялық талап деңгейіне сай. Ол кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың әрбір тарауы тараушаларға жіктеліп түсіндірілген. Олардың әрқайсысы бір-бірімен ішкі тұтастықты дәйектеп, идеялық тоғысуды сақтай жалғасқан.

Ізденуші Э.Т. Буранкулова докторантурада оқу барысында және диссертациялық жұмысты дайындау кезінде ғылыми-зерттеу жұмысын жеткілікті деңгейде игергенін көрсетті. Зерттеудің негізгі ғылыми-теориялық нәтижелері бойынша диссертант шетелдік және отандық халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға (онлайн/оффлайн) қатысып, 16 ғылыми мақала жариялады: 1 мақала Scopus қорына кіретін *International Journal of society, culture and language* процентиль 74%, Q2 болатын ғылыми журналда жарық көрген, 3 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда және 2 мақала шетелдік басылымдағы журналдарда, 9 мақала халықаралық ғылыми конференция жинақтарында, оның ішінде 4-і (онлайн қатысу арқылы) шет елдерде өткен конференциялар материалдарының жинақтарында жарияланды. Сонымен қатар диссертант Өзбекстан Республикасы Ташкент қаласында өткізілген халықаралық ғылыми конференцияға оффлайн қатысып баяндама жасап, осы конференция жинағында да 1 мақала жариялады және

республикалық ғылыми конференция материалдарында 1 мақаласы жарық көрді.

Қорыта айтқанда, Эльмира Темирбаевна Буранкулованың «Түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындар» атты диссертациялық жұмысы «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға қойылған барлық талаптарға жауап береді, диссертациялық жұмыс толық аяқталған. Ғылыми жұмыстың жазылу деңгейі мен теориялық және практикалық құндылығын ескере отырып, ізденуші Буранкулова Эльмира Темирбаевнаға «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге лайық деп есептейміз.

Отандық ғылыми кеңесші,
филология ғылымдарының докторы,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университетінің профессоры

26.12.2022ж.


Г.Т. Шоқым

